

Республикалық әдістемелік ғылыми-педагогикалық журнал

Ұстаз борышы

02 (14) 2019

№4



«Маған жақсы мұғалім
бәрінен де қымбат,
өйткені мұғалім - мектептің жүрегі»

Ыбырай Алтынсарин

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИ-
НИСТІРЛІГІНДЕ АСТАНА
ҚАЛАСЫНДА ТІРКЕЛІП,
№16781- Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН
МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ
БАСПАСЫ

«Қазақстан ұстазы»
Бас редактор -
Еркін Е.А.
Редактордың орынбасары -
Таласов С.А.
Әдістеме бөлімінің редакторы -
Рыстанбек Е.Т.
Терген - Нысанбаева Л.Ж.
Беттеген - Сәдуақас Н.Ж.

Редакция алқасы:
Қонлыбаева Жанат
Шет тілінің филология
ғылымдарының кандидаты,
доценті

Бидайбекова Айгул Құнанбекқызы
БАҰО «Өрлеу» АҚ
Алматы қаласы бойынша
педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты

«Иновациялық даму» бөлімінің аға
ғылыми қызметкері
Көшекбаева Б.Ғ.

Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Қордай ауылы, №6 негізгі мектеп.
Сабырова Ақмарал Сейловна ди-
ректордың оқу-әдістемелік жөніндегі
орынбасары.

Теруге: 2019 жылдың 18.02 күні жі-
берілген

Басуға: 2019 жылдың 20.02 күні қол
қойылды

Таралымы: 500 дана
Басылым индексі: 74573

Редакцияның мекен-жайы:
Алматы қаласы
Алматы ауданы Көктем 3

Байланыс телефондары:
Ұялы: 8 702 854 96 81
Ұялы: 8 747 421 10 25
e-mail: lazakhstan.ustazy@mail.ru

Банк номер:
Halyk Bank 4263 4339 9298 3350
Kaspi Gold 5169 4931 1328 9279

Барлық авторлар мақаласының электронды нұсқасын флешка не диск әкеу не редакцияның электронды поштасына жіберуі тиіс. Бір беттік хабар, өлең болмаса мақала факспен қабылданбайды. Мақалалар авторлардың стилі, орфография хақы сақталып өңделеді. Автордың байлам тұжырымы редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Жарияланымдағы деректердің нақтылығына автор жауапты. Көшіріп басылса не пайданылса, сілтеме жасалуы тиіс.

ҰСТАЗ БОРЫШЫ

Ай сайын шығатын республикалық ғылыми- әдістемелік педагоги-
калық журнал
Журнал қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады

МАЗМҰНЫ

Утеубаева Нуржанат Сансызбаевна и Естаева Акмаржан Тлемисовна Инновационные образовательные технологии в современной школе на уроках английского языка.....3	3
Қуанышова Роза Орақбаевна Оқушыларға ойын арқылы білім беру.....5	5
Тойчиева Азиза Халықұлы Жануарлар әлемі.....13	13
Шаназарова Ирада Абдуллаевна Виды глагола.....15	15
Бекбосынова Айжан Сарсенбайқызы Менің үйім.....17	17
Жұмалы Бибісара Ф.Оңғарсынова «Білім керек бәріне».....19	19
Оразбаева Жанбота Набихановна Қысқаша көбейту формулалары. Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырмасының квадраты.....22	22
Қарымбекова Балжан Сейденқызы Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі ынтымақтастығы.....24	24
Құттыбаева Гүлби Жамалқызы С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы».....25	25
Құрбанова Дилара Айтбайқызы Transport.....28	28
Мақсұтова Дилшиада Агабековна Абай – ақылдың ақыны.....30	30
Тургинбаев Рауан Калмурзаевич Акробатикалық жаттығулар кешені.....32	32
Садыкова Гүлжамилә Зауровна Жай сөйлем және құрмалас сөйлем.....35	35
Оразбаева Камила Сұлтанқызы Computers.....37	37
Исабеков Рүстем Нуридинович Жалпы дене дайындығының жаттығулары.....39	39
Муталиева Перизат Жағымды қатынастар: симбиоз, кооперация, мутуализм, комменсализм.....40	40
Усипбаева Айгуль Шынарбековна Шығыстың билеушілерінің билігі XIV Людовик пен Ұлы Петр билеіктері секілді шексіз болды ма?..42	42
Дүйсенова Гәлия Пірмаханбетқызы Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын атау.....45	45
Тургунова Раһно Ахметжановна Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы.....48	48
Аблаева Камила Ерғешовна Химиялық элементтердің табиғи топтары мен олардың қасиеттері.....50	50
Асанбаев Абылайхан Серікұлы Көбейту және бөлу дағдыларын кеңейту.....55	55
Бекбауов Оралбай Торекулович Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары.....57	57
Аташикова Мадина Хуснидинқызы Сказка-быль М.М. Пришвина «Кладовая солнца».....60	60
Тажиев Шухрат Халматбаевич Мәтін есептерді шығару.....63	63
Әсілбеков Дидар Бахтиярұлы Қолданбалы есептерді шешу.....68	68
Хаживаев Азизжон Адилбекович Сложение отрицательных чисел.....71	71
Жүнісова Жанар Тагаевна Р.Толкиен. «Хоббит, или Туда и обратно».....75	75
Рахимова Гулнар Жамалқызы Мектеп кітапханасының жұмысын ізгілендірудегі кітапхана белсенділерінің ролі.....78	78
Носулько Наталья Ивановна Роль науки и исследователей.....80	80
Рыскелдиева Улмира Хамыманқызы Әбу Насыр әл-Фарабидің «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңінің идеясы.....83	83
Сандұғаш Қайдарқызы Әке тәлімі А.Аманжолов.....86	86

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» бастауыш сынып мұғалімі Қарымбекова Балжан Сейденқызы

Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі ынтымақтастығы

Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие

орындарының бірден-бір парызы, асыл мұраты. Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, сол отбасындағы баланың бас ұстазы - ата-ана.

«Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» - демекші, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Береке-бірлігі мол үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды, болашақ өркениетке қосар үлесі бар. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен, олардың күнделікті іс-әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бакыт беруі мүмкін» деген ұтымды ой айтқан. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету де өз пайдасын тигізеді.

Отбасы – белгілі-бір дәстүрлерді, адамшылық бейнені, идеялды, жақсы сөз, ұнамды мінез, ыстық ықылас, қуаныш, ашық әңгімелесу арқылы да баланың көңілін тауып, ішкі сырын ашуға болады. Дегенмен, жұмыс барысында көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарынан елеулі қателіктерді байқап жүрміз. Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көңіліне қаяу

түсіріп жатса, бірі «адам болар бала өздігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абыройына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қоғам алдындағы беделін төмендетеді. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар қай кезде де бірлесіп отырып жұмыс жасауы керек.

Адамның адамшылдығы жақсы ата-ана мен білікті тәрбиешіден. Тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тең түсуіне көп көңіл бөлген абзал. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік өздерінде екендігін ұмытып, баласының мінез-құлқы үшін қоғамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны өкінішті-ақ. Бүгінгі кейбір жастарымыздың бойындағы келесі қасиеттер мен жағымсыз мінез-құлықтардың қалыптасуына осындай жауапсыз ата-аналардың кемшілігі де өз әсерін тигізбей қоймайды дер едім. Жақ ұрпақты тәрбиелеу жүйесі жаңа заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Оған қойылар талап жан-жақты жетілген адамды тәрбиелеу. Ойлы ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, ата-ана, мектеп пен бала ынтымақтастықта отырып, білім ордасындағы тәрбие отбасында жалғасын табатындай етіп ұштастыра білгеніміз жөн. Қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың: «Тәрбиедегі мақсат баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деп айтуы бала тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, қоғам алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын дәлелдейді. Әрине, отбасы өзінің дербес әрекеті арқылы тәрбие саласында ауқымды мәселелерді шешуде әлсіздік танытады. Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ал, тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабақтастық және ынтымақтастық өз үйлесімін табуы тиіс



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӨНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН №16781-Ж
«ҚАЗАҚСТАН ҰСТАЗЫ»

СЕРТИФИКАТ

Бұл сертификат: Қорымбекова Балжан Сейданқызы

Жас ұрпаққа жанаша білім беру жолында оқу-тәрбие үдерісін
жандандырудың, патриоттық тәрбие берудің әдістерін
мерзімді баспасөз бетіне жариялау арқылы көрсетіп,
мүше болғаны үшін берілді



Бас редактор:
Еркін Е.А.

Тіркеу номері:

№314178

Алматы 2019 жыл



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН №16781-Ж
«ҚАЗАҚСТАН ҰСТАЗЫ»

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Қарымбекова Байжан Сейтанқызы

Оқушыларды оқытуда талмай еңбек етіп,
біліммен сусындатып, оқушылардың
бойында адамгершілік асыл
қасиеттерді сіңіріп,
білікті ұстаз ретінде аянбай
қажырлы еңбек етіп,
білімге құштар, жаны жайсаң
нағыз патриот тәрбиелегені
үшін
марапатталады



Бас редактор:
Еркін Е.А.

Алматы 2019 жыл



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН №16781-Ж
«ҚАЗАҚСТАН ҰСТАЗЫ»

АЛҒЫС ХАТ

Ғарысқырова Фәтима Сейтәліқызына

Мерзімді баспасөз басылымында «Үздік сабақ» көрсетіп
білім беру жүйесіндегі іс-шараларға қосқан үлесі мен шығармашылық
табыстарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз



Бас редактор:

Еркін Е.А.

АЛМАТЫ 2019 ЖЫЛ